ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

(қарар бөлігі)

2023 жылғы 27 желтоқсан №7119-23-00-2/15006 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Б.Бакишев, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының «Қарлығаш» балабақшасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Жандар» Абдірақ Жандар Ғаниұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы;
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы;

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 267-1 – 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып,

ШЕШТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының «Қарлығаш» балабақшасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны жауапкер жеке кәсіпкер «Жандар» Абдірақ Жандар Ғаниұлына мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап арызы - қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Жандар» Абдірақ Жандар Ғаниұлы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Жандар» Абдірақ Жандар Ғаниұлынан Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының «Қарлығаш» балабақшасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы

Документ подписан: Бакишев А. Б., 28.12.2023
Дата вступления в законную силу: 06.02.2024, судья Бакишев А. Б., 25.02.2024
7119-23-3-1/14883

республикалық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 2 090 (екі мың тоқсан) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және 63 (алпыс үш) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж төлеу шығындары өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «Жандар» Абдірақ Жандар Ғаниұлы мемлекет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья А.Б.Бакишев

Документ подписан: Бакишев А. Б., 28.12.2023

Дата вступления в законную силу: 06.02.2024, судья Бакишев А. Б., 25.02.2024

7119-23-3-1/14883